

ISSN: 1814 - 6961
E-ISSN: 2788-9718

ОТАН ТАРИХЫ

ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛ

Үш айда бір рет шығатын ғылыми журнал
2022, № 3 (99)

3 /2022

Құрылтайшы:

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
Ғылым Комитеті
Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты

Бас редакторы:

Қабылдинов Зиябек Ермұханұлы

Редакциялық алқа:

Абдырахманов Т.А. (Бішкек, Қырғызстан), Аблажей Н.Н. (Новосибирск, Ресей), Аяған Б.Г. (Нұр-Сұлтан, Қазақстан), Әбусейітова М.Х. (Алматы, Қазақстан), Әбіл Е.А. (Нұр-Сұлтан, Қазақстан), Әжіғали С. (Алматы, Қазақстан), Әлімбаев Н. (Алматы, Қазақстан), Жұмағұлов Қ.Т. (Алматы, Қазақстан), Көмеков Б.Е. (Нұр-Сұлтан, Қазақстан), Кудряченко А.И. (Киев, Украина), Любичанковский С.В. (Орынбор, Ресей), Мұқтар Ә. (Атырау, Қазақстан), Петер Финке (Цюрих, Швейцария), Смағұлов О.С. (Нұр-Сұлтан, Қазақстан), Сыдықов Е.Б. (Нұр-Сұлтан, Қазақстан), Уяма Томохико (Саппоро, Жапония)

Жауапты редактор:

Құдайбергенова Айжамал Ибрагимқызы

Ғылыми редактор:

Қозыбаева Махаббат Мәлікқызы

Жауапты хатшы

Мурзаходжаев Қуаныш Мәдиұлы

Техникалық хатшылар:

Зікірбаева В.С., Бауыржан С.

Редакцияның мекен-жайы:

050100, Қазақстан Республикасы,
Алматы қ., Шевченко көшесі, 28
Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты
«Отан тарихы» журналының редакциясы

Сайтқа сілтеме: <https://otan.history.iie.kz>

Тел.: +7 (727) 272-46-54.

E-mail: otanhistory@gmail.com.

Журнал Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде
1998 ж. 9 наурызда тіркеліп, N 158-ж куәлігіне ие болды.

Мақалаларды қайта бастырып жариялағанда, микрофильмге және басқа да көшірмелерге
түсіргенде міндетті түрде журналға сілтеме жасау қажет.

Учредитель:
Министерство Образования и науки Республики казахстан
Комитет Науки
Институт истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова

Главный редактор:
Кабульдинов Зиябек Ермуханович

Редакционная коллегия:
Абдырахманов Т.А. (Бишкек, Кыргызстан), Аблажей Н.Н. (Новосибирск, Россия), Аяган Б.Г. (Нур-Султан, Казахстан), Абусейтова М.Х. (Алматы, Казахстан), Абил Е.А. (Нур-Султан, Казахстан), Ажигали С. (Алматы, Казахстан), Алимбай Н. (Алматы, Казахстан), Жумагулов К.Т. (Алматы, Казахстан), Кумеков Б.Е. (Нур-Султан, Казахстан), Кудряченко А.И. (Киев, Украина), Любичанковский С.В. (Оренбург, Россия), Мухтар А. (Атырау, Казахстан), Петер Финке (Цюрих, Швейцария), Смагулов О.С. (Нур-Султан, Казахстан), Сыдыков Е.Б. (Нур-Султан, Казахстан), Уяма Томохико (Саппоро, Япония)

Ответственный редактор
Кудайбергенова Айжамал Ибрагимовна

Научный редактор
Козыбаева Махаббат Маликовна

Ответственный секретарь
Мурзаходжаев Куаныш Мадиевич

Технический секретарь
Зикирбаева В.С., Бауыржан С.

Адрес редакции:
050100, Республика Казахстан,
г. Алматы, ул. Шевченко, 28
Институт истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова
Редакция журнала «Отечественная история»

Ссылка на сайт: <https://otan.history.iie.kz>
Тел.: +7 (727) 272-46-54.
E-mail: otanhistory@gmail.com.

Журнал в Министерстве информации и общественного согласия Республики Казахстан
Зарегистрирована 9 марта 1998 г., имеет свидетельство N 158-Ж.

При перепечатке статей, съемке на микрофильмах и других копиях обязательно
делается ссылка на журнал.

Founder:

Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan
Committee of Science
Institute of History and Ethnology named after Ch.Ch. Valikhanov

Chief editor

Kabuldinov Ziyabek Yermukhanovich

Members of editorial board:

Abdyrakhmanov T.A. (Bishkek, Kyrgyzstan), Ablazhey N.N. (Novosibirsk, Russia), Ayagan B.G. (Nursultan, Kazakhstan), Abuseitova M.H. (Almaty, Kazakhstan), Abil E.A. (Nur-Sultan, Kazakhstan), Azhigali S. (Almaty, Kazakhstan), Alimbay N. (Almaty, Kazakhstan), Zhumagulov K.T. (Almaty, Kazakhstan), Kumekov B.E. (Nur-Sultan, Kazakhstan), Kudryachenko A.I. (Kiev, Ukraine), Lyubichankovsky S.V. (Orenburg, Russia), Mukhtar A. (Atyrau, Kazakhstan), Peter Finke (Zurich, Switzerland), Smagulov O.S. (Nur-Sultan, Kazakhstan), E.B. Sydykov (Nur-Sultan, Kazakhstan), Uyama Tomohiko (Sapporo, Japan)

Executive Editor

Kudaibergenova Aizhamal Ibragimovna

Scientific Editor

Kozybayeva Makhabbat Malikovna

Executive Secretary

Murzakhodzhayev Kuanysh Madievich

Technical secretary

Zikirbayeva V.S., Bauyrzhan S.

Editorial office address:

050100, Republic of Kazakhstan,
Almaty, Shevchenko str., 28
Institute of History and Ethnology named after Ch.Ch. Valikhanov
Editorial board of the magazine «History of the homeland»

Link to the website: <https://otan.history.iie.kz>

Tel.: +7 (727) 272-46-54.

Email address: otanhistory@gmail.com .

Journal in the Ministry of Information and public consent of the Republic of Kazakhstan
registered on March 9, 1998, has certificate No. 158-Zh.

When reprinting articles, shooting on microfilm and other copies,
a link to the magazine is necessarily made.

**ЭТНОЛОГИЯ ЖӘНЕ АРХЕОЛОГИЯ
ЭТНОЛОГИЯ И АРХЕОЛОГИЯ
ETHNOLOGY AND ARCHEOLOGY**

FTAMP 03.20.00; 03.41.91

DOI 10.51943/1814-6961_2022_3_186

САРАЙШЫҚТАҒЫ «ХАН МОЛАСЫН» ІЗДЕУ ТАРИХЫ**Мұқтар Әбілсейіт¹, Тұрарұлы Айбек¹, Жумабаев Амангелді^{1*}**¹«Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей қорығы, Атырау қ., Қазақстан

*Автор-корреспондент

E-mail: muktar64@mail.ru (Мұқтар), aibek_tu@mail.ru (Тұрарұлы), tarix212@mail.ru (Жумабаев)

Түйіндеме: Мақала Атырау облысы, Махамбет ауданы, Сарайшық ауылындағы ортағасырлық қала аумағында орналасқан «Хан моласы» орнын іздеу жұмысына және оның нәтижелеріне арналған. Тарихи тұлға Қасым ханның Сарайшықта жерленгені туралы алғашқы нақты деректі Қадырғали Жалайыри өз еңбегінде берген. Ол 1602 жылғы «Шежірелер жинағы» еңбегінде Қасым хан туралы: «Ақырында Сарайшықта дүние салды. Бұл күндері оның қабірі Сарайшықта жатыр» деп жазады. Қадырғали бидің жазбасы ғылыми ортада еш талассыз мойындалды. Қасым ханның Сарайшықта жерленгені ХІХ ғасырдағы орыс зерттеушісі В.В. Вельяминов-Зерновтың және кеңестік тарихшы А.П. Чулошниковтың еңбектерінде де нақтыланады. Мұхамеджан Тынышпаевта Қасым ханды: «По киргизским преданиям он похоронен в Сарайчике» деп жазған. Қазақ хандығының күдіретті билеушісі Қасым ханның Сарайшықта жерленгені тарихи шындық. Елімізде соңғы кездері Жошы хан кесенесінде зерттеулер, Жәнібек ханның сүйегін іздестіру жұмыстары қолға алынды. Осы жұмыстармен сабақтас, тарихи деректер мен пікірлерді қорытып, «Сарайшық» музей-қорығының археологтары 2020 жылдан бастап «Хан моласы» орнын іздеуді қолға алды.

Тірек сөздер: Қазақстан тарихы, Дешті Қыпшақ, Алтын Орда, Жошы ұлысы, Ноғай Ордасы, Қазақ хандығы, Қасым хан, Сарайшық, Археологиялық қазба.

Мақала Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрлігі Мәдениет комитетінің 2021-2023 жылдарға арналған №BR10164208 «Қазақстанның батыс өңіріндегі алтынордалық қалалар, көне керуен жолдары және керуен-сарайлар: пәнаралық зерттеулер (ХІІІ-ХV ғғ.)» жобасы аясында дайындалып, жоба қаражатына шығарылды.

МРНТИ 03.20.00; 03.41.91

ИСТОРИЯ ПОИСКА «ХАН МОЛАСЫ» В САРАЙШЫКЕ**Муктар Абилсеит¹, Турарулы Айбек¹, Жумабаев Амангелди^{1*}**¹Государственный историко-культурный музей-заповедник «Сарайшық», г. Атырау., Казахстан

*Автор-корреспондент

E-mail: muktar64@mail.ru (Муктар), aibek_tu@mail.ru (Турарулы), tarix212@mail.ru (Жумабаев)

Аннотация: Статья посвящена поискам место «Хан моласы», на территории средневекового городища в селе Сарайшык Махамбетского района Атырауской области и его результатам. Ранний конкретный сведение о захоронении Касым хана в Сарайшыке дал в своем труде Кадырғали Жалаири. Он писал о Касым хане в 1602 году в «Жами ат-тауарих» (Сборник летописей) так: «Конец концов в Сарайчике смерть нашел. И теперь его гробница в Сарайчике [находится]». Запись Кадырғали бия получила неоспоримое признание в научных кругах. О погребении Касым хан в Сарайшыке в своих трудах уточняет русский исследователь ХІХ века В.В. Вельяминова-Зернова и советский историк А.П. Чулошников. Мухамеджан Тынышпаев написал о Касым хане так: «По киргизским преданиям он похоронен в Сарайчике». О том что могущественный правитель Казахского ханства Касым хан похоронен в Сарайшыке это исторический факт. В последнее время в стране ведутся исследования в мавзолее Джучи хана, проводились поиски останков Жанибек хана. Обобщая исторические факты и мнения,

связанные с этими работами, археологи музея-заповедника «Сарайшык» с 2020 года приступили к поиску «Хан моласы».

Ключевые слова: История Казахстана, Дешт-и-Кипчак, Золотая Орда, Улус Джучи, Ногайская Орда, Казахское ханство, Касым хан, Сарайшык, Археологические раскопки.

IRSTI 03.20.00; 03.09.55

SEARCH HISTORY «KHAN MOLASY» IN SARAISHYK

Muktar Abilseit¹, Turaruly Aibek¹, Zhumabaev Amangeldi^{1*}

¹State historical and cultural museum-reserve «Saraishyk», Atyrau, Kazakhstan

*Corresponding author

E-mail: muktar64@mail.ru (Muktar), aibek_tu@mail.ru (Turaruly), tarix212@mail.ru (Zhumabaev)

Abstract. The article is devoted to the search for the place of «Khan molasy» in the territory of a medieval settlement in the village of Saraishyk, Makhambet district, Atyrau region and its results. The first real documentary about the burial of a historical figure Kasym Khan in Saraishyk was given by Kadyrgali Zhalayiri in his work. In his work «collection of Chronicles» of 1602, he wrote about Kasym Khan: «he finally died in Saraishyk. These days, his grave in Saraishyk». Kadyrgali biy's work was recognized in the scientific community without controversy. The burial of Kasym Khan in Saraishyk was carried out by the Russian explorer of the XIX century V.V. Velyaminov-Zernov and the Soviet historian A. P. Chuloshnikov. Mukhamedzhan Tynyshpayev wrote about Kasym Khan: «on Kyrgyz legends, he was buried in Saraishyk». It is a historical fact that Kasym Khan, the powerful ruler of the Kazakh Khanate, was buried in Saraishyk. In recent years, research has been carried out in the mausoleum of Jochi Khan, as well as the search for the remains of Zhanibek Khan. In connection with this work, summarizing historical data and opinions, archaeologists of the Saraishyk museum-reserve began to search for the place of «Khan molasy» in 2020.

Key words: History of Kazakhstan, Desht-i-Kipchak, Golden Horde, Ulus of Jochi, Nogai Horde, Kazakh Khanate, Kasym Khan, Saraishyk, Archaeological excavations.

Кіріспе. Қазіргі Атырау облысы Махамбет ауданы Сарайшық ауылындағы ортағасырлық Сарайшық қаласы аумағында жерленген Жошы Ұлысы, Қазақ Хандығы хандары туралы ақпараттар қай кезеңде де елдің назарында болды. Оны XV ғасырдан соң қолданысқа енген тарихи деректер нақты айғақтай бастады. Дегенмен ел билеушілері арасынан біз үшін Қазақ Хандығын басқарған төртінші хан Қасым Жәнібекұлының орны ерекше.

Зерттеу тақырыбы Қазақстанның ортағасырлық тарихы бойынша, тарихи тұлғалар туралы ізденістерді кеңейту үшін аса маңызды. Қасым ханның қоғамдық-саяси қызметі, тарихы толыққанды, ал ұлы ханның жерленген орнының мүлдем зерттелмеуімен ерекшеленеді. Ел президенті Қ. Тоқаевтың 2021 жылы 21 сәуірде «Атырау өңірінде қастерлі әрі тарихи орындар көп. Соның бірі – ежелгі Сарайшық қаласы бой көтерген жер. Алтын Орда дәуірінде маңызды рөл атқарған шаһардың Қазақстан аумағында орналасуы тегін емес. Бұл төл тарихымыздың тамыры терең екенін көрсетеді. Біздің бабаларымыз қала салып, жаңа мәдениетке жол ашқан. Әйгілі Сарайшық – соның айқын дәлелі. Мұнда Алтын Орда дәуірінің хандары және қазақтың ұлы ханы Қасым хан жерленгені белгілі. Жалпы, ұлан-байтақ жеріміздегі көне шаһарларды, мемлекеттігіміздің тарихында айрықша орны бар Алтын Орданы жан-жақты зерттеп, ғылыми ақпараттық жұмыстарды жүйелі жүргізу керек. Сол арқылы елдік шежіремізді кеңінен таныта аламыз. Осыны жас ұрпақтың санасына сіңіруіміз керек», - деп бағалауы жаңа ізденістерге жол ашты (Президент Сарайшық орталығы ..., 2021).

Қасым ханның Сарайшықта жерленгені туралы нақты алғашқы деректі қалдырған Қадырғали Жалайыри болды. Ол 1602 жылғы «Шежірелер жинағы» еңбегінде Қасым хан туралы: «Оның хикаясы әр жерде айтылады, сондықтан мәлім, мәшһүр болды. Ақырында Сарайшықта дүние салды. Бұл күндері оның қабірі Сарайшықта жатыр» деп жазады (Жалайыр, 1997: 121). Қадырғали бидің жазбасы ғылыми ортада еш талассыз мойындалды. Өйткені би өзі жазғандай, оның аталары және өзі де Қасым ханның немере інісі Ондан сұлтанның баласы Ораз-Мұхаммедтің аталарына қызмет жасап: «Ораз-Мұхаммед Ондан сұлтан ұлы, Шығайханұлы, Жәдікханұлы, Жәнібекханұлы, Баракханұлы, Құйыршықханұлы, Үрүсханұлы туралы дастан. Ораз-Мұхаммед ханның барлық ата-бабалары, туыстарымен бір дастанда жазылды. Өйткені Үрүс ханнан Жәнібек ханға дейін төртінші буын еді» деп анықтаған болатын (Жалайыр, 1997: 121). Би шежіре жазылған кезеңде Ораз-Мұхаммедпен бірге орыс жеріндегі Қасымов хандығында еді. Бүгінгі зерттеушілердің пікірінше Ораз-Мұхаммед Сарайшық қаласында дүниеге келген.

Ресей тарихшысы А.В. Беляков: «...Ораз-Мұхаммед Ноғай Ұлысында, Қазақстан аумағында дүниеге келген болуы мүмкін. Архив құжаттарының бірінде Ораз-Мұхаммедтің әкесі Ондан «ноғай патшасы» деп аталады, ол Ноғай Ордасының биі Дін-Ахметтің түсында шартты түрде хан атанған. ...Егер, Ондан хан Ноғай Ордасының астанасы Сарайшықта өмір сүрген деп болжау қисынды болса, Ораз-Мұхаммедті Қазақстан Республикасы, Атырау облысында орналасқан осы қалада дүниеге келген» деп санайды (Беляков, 2019: 23). Олай болса, Ораз-Мұхаммед те, Қадырғали би де Қасым ханның жерленген орнын көзімен көрген және басына барып талай рет тағзым жасаған деп қорытуға болады.

Міне, осындай ортағасырлық деректен соң Қасым ханның Сарайшықта жерленгені XIX ғасырдағы орыс зерттеушісі В.В. Вельяминов-Зерновтың (Вельяминов-Зернов, 1864: 145), кеңестік тарихшы А.П. Чулошниковтың еңбектерінде нақтыланады. А.П. Чулошников 1925 жылы: «Қасым хан бұл кезде тірі болған жоқ, ол осыдан бірнеше жыл бұрын қайтыс болды (шамамен 1518-20 жж.), Дешті Қыпшақтың билеушісі ретінде Сарайшық қаласында жерленді,» деп жазады, және «біз бұл жерде Дешті Қыпшақ деп - Жайық өзенінің орта ағысынан Сырдарияның орта ағысына дейінгі кеңістікті айтамыз. Өйткені, кеңірек мағынада Дешті Қыпшақ ретінде Дунайға дейінгі бүкіл дала аталған. XVII ғасырдың басында Сарайшық қаласында Қасым ханның моласын әлі де көруге болатын еді» деп жазады (Чулошников, 1924: 127). Ғалымның пікірін М. Тынышпаевта: «Қырғыз аңыздары бойынша ол Сарайшықта жерленген» деп нақтылайды (Тынышпаев, 1993: 133). Әлкей Марғұлан 1950 жылы тамыз айында Сарайшықтағы археологиялық қазбадан соң: «Жазба қайнар көздерінен байқауымызша, XV-XVI ғасырлардағы тамаша сәулет ескерткіштері қазақ хандары Жәнібек пен Қасым ханға Сарайшықта тұрғызылды... 1524 жылы Сарайшықта қазақ ханы – Қасымның қаза тауып, жерленгені қайнар көздерінен белгілі» деп жоғарыдағы пікірлерді қолдайды (Марғұлан, 2010: 404,406).

Мақаланың мақсаты Қазақ мемлекеттілігінің құрылуы және дамуы тарихындағы біртуар билеуші Қасым хан жерленген ортағасырлық Сарайшықтағы «Хан моласын» археологиялық-этнографиялық, антропологиялық-генетикалық пәнаралық зерттеу болып табылады. «Хан моласын» бүгінге дейін зерттелмегенімен ерекшеленеді. Сарайшық музей-қорығы өз қаражатымен 2020 жылы археологиялық қазба жүргізіп зерттеуді бастады. «Хан моласын» іздеудің алғашқы нәтижелері мақала авторларымен 2021 жылы «Қазақ хандығының атақты билеушісі Жәнібекұлы Қасым ханның Сарайшықта жерленгеніне 500 жылдығына арналған «Қасым хан және Сарайшық: Қазақ мемлекеттілігі тарихында» Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдары» жинағында «Хан моласын» іздеу және оның алғашқы нәтижелері» атты мақала жарық көрді (Мүктар, Тұрарұлы, 2021:129-143).

Материалдар мен әдістер. Мақалада Қадырғали Жалайыридың (Жалайыр, 1997), Мұхамеджан Тынышпаевтың (Тынышпаев, 1993), XIX ғасырдағы орыс зерттеушісі В.В. Вельяминов-Зерновтың (Вельяминов-Зернов, 1864), П.И. Рычковтың (Рычков, 1999), П.С. Палластың, А.Е. Алексеевтің (Сарайшық - бабалар мұрасы, 2015), А.П. Чулошниковтың (Чулошников, 1924), Н.К. Арзютовтың, З.С. Самашевтің, А.В. Беляковтың (Беляков, 2019) т.б. еңбектері негізгі дереккөздер ретінде, сонымен қатар ашылған көрханалар туралы археологтар М. Қожа, В. Плахов, Е. Пигаревтердің пікірлері пайдаланылды. Зерттеу барысында бүгінгі тарих ғылымындағы салыстырмалы-тарихи әдістер ортағасырлық зерттеулердегі тарихи оқиғалардың шынайылығын анықтауға, оларды өзара салыстыруға, қорытынды шығаруға, өзектілік әдістер көтерген мәселелердің негізгі түйінін анықтауға, кешенді зерттеу әдістері ортағасырлық тарихымыздың беттерін өзге ғылыми әдістермен байланыста зерделеуге, жүйелілік әдістер тарихи оқиғаларды ішкі бірлікте, өзара байланыста зерттеуге мүмкіндік берілді. Оларды пайдалану зерттеу аумағына алынған күрделі мәселелерді толыққанды саралауға жол ашады. Қазба жұмыстары барысында қалаларды зерттеудің эмпирикалық қалыптасқан методикасы: қабаттардан кездесетін барлық нысандарды тіркей отыра, сызбалық-графикалық, сипаттау арқылы және жан-жақты фототіркеулер жолымен, 2x2 м қабатты-шаршылы әдісімен қазу қолданылды.

Жерленген сүйектердің радиокөміртекті әдісімен жасын анықтау жұмысы жүргізілді.

Талқылау. Сонымен жазба деректердегі Қасым ханның Сарайшықта жерленгені туралы тұжырымдар қазақ ханының Сарайшықтағы ел билеушілері – Жошы Ұлысы хандары, Ноғай Ордасы билері пантеоны туралы тарихи деректерімен де толық үндеседі. Сарайшықтағы ел билеушілері пантеоны 1475 жылғы венециялық монах Фра Мауроның сызба картасында Жайықтың оң жағалауында көрсетіледі. Италиялық картограф оны күмбезбен белгілеп, «Билеушілер қабірстаны» деп анықтайды (Трепавлов, 2016: 510). Картадағы деректі XVIII ғасырда П.И. Рычков: «Бұл қала, Жайық казактарының айтуынша, Ноғай татарларының болған. Ол жерде қазірде көптеген төбешіктер бар: олар атақты адамдарының зираттары болғаны байқалады, өйткені көбінің астынан табыттар мен сүйектер табылады. Гурьев қалашығының құрылысы үшін сол құландылардан көп кірпіштер алынды деп айтылады. Қазір де сол жердегі форпосттағы Жайық казактары, пеш құрылысына және басқа да қажеттіліктерге кірпіштерді осы құландылар мен төбелерден іріктеп алуда» (Рычков, 1999:134), П.С. Паллас: «Мұнда қабірлер өте көп, олар кірпішпен қапталған, кейде олардан назар аударарлық заттар табылады» (Сарайшық - бабалар мұрасы, 2015: 37-38), XIX ғасырда А.И. Левшин: «Қаншама көп тасып әкетілсе де, кейбір казактар әлі

күнге дейін жаңа құрылыстар тұрғызғанда оларды тауып, жер бетінен шамалы тереңдіктен дөңгелек күмбездерін ашады, олардың ішінде әдетте адам сүйектері, ал, кейде қару-жарақ, тиындар, алқа, сақиналар және басқа да заттар кездеседі. Казактар құсап, екі күн бойы олармен бірге құландыларды қаздым. Менің еңбегіме екі татар тиыны табылды» (Сарайшық - бабалар мұрасы, 2015: 44), 1834 жылы 14 мамырда Сарайшықта қазба жұмыстарын жасаған К.Ф. Гебель: «Кейбір зая кеткен зерттеулерден кейін біз әлі адам қолы тимеген жерленімді таптық. Бір жарым аршин (10 аршин - 7,11 метр – Ә.М.) тереңдікке қазып біз қабырғаларға кездестік, топырақ еленгеннен кейін, біз қирандылар ішінен қойманы анықтадық, ортасында шығыңқы тасы кішкентай шаршы тесікті бітеген. Біз оны диаметрі бір жарым аршинге дейін тесіп кеңейттік, содан маған және бірнеше казактарға оның ішіне түсуге тура келді». (Сарайшық - бабалар мұрасы, 2015: 48), 1861 жылы топограф А.Е. Алексеев: «Менің көзіме бірінші түскені қала топырақ дуалының дұрыс үйілмеуі және цитадельдің қираған қалдықтары. Бұл жер тегіс келген, топырағы тұзды және кірпіш, тас, ыдыс сынықтарымен араласқан. Бұл шөлейт алаңқайдың бетінде ешқандай өсімдік өспеген, тек екі жерде ағаш шарбақтар бар, оларды 1846 жылы бұрынғы Бөкей Ордасының ханы Жәңгірдің бұйрығымен татар саудагерлері қоршатқан көрінеді. Бұл қоршаулар молалардың үстіне салынған, онда, казактардың айтуы бойынша, әктен құйылған бірнеше кірпіш табыттар бар», «Қала құландысының батыс бөлігінде цитадель бар, оның қабырғалары қала топырақ дуалынан әлдеқайда биік. Цитадельдің пішіні қисық келген, ұзындығы 200 сажен, ені 100 сажен. Цитадельдің ішінде қираған ғимараттар мен молалардың іздері бар, олар жақсы күйдірілген кірпіштер мен қыш тақталардан жасалған. Молалардан тек біреуі ғана сақталған, оны «хан моласы» деп атайды. Ішінде кірпіштен жасалған қабір бар, ол алты адамға сыйымды, екі үлкен және төрт кішкентай адамға арналған, сондықтан мұнда бір отбасы түгел жерленген деп санауға болады. Қаланың шығыс бөлігінде осыған ұқсас тағы екі мола бар» (Сарайшық - бабалар мұрасы, 2015: 55) деп нақтылай түседі.

Орыс ғалымдары пікірлерін саралап Сарайшықта 1937 жылы алғашқы кешенді археологиялық қазба жүргізген саратовтық археолог Н. Арзютов өзінің ғылыми есебінде зерттеу барысындағы міндеттерін анықтай келе: «антропологиялық материалды жинау - бұл Сарайшыққа іргелес жерлерден алтынордалық хандардың қабірлерін табу, өйткені көнекөздердің айтуы бойынша және дереккөздердегі нұсқаулары бойынша Сарайшық аймағы алтынордалық хандардың жерленген жері болған (XIV ғ. соңындағы Пициганолардың картасы)». (Сарайшық - бабалар мұрасы, 2015: 93), 1950 жылы Сарайшықтағы қазба жұмыстарынан соң археолог Г.И. Пацевич Рашид-ад-дин, В.В. Бартольдтың еңбектеріне сүйене отыра, «Сарайшықты Жошы ұлысының астанасы және алғашқы Алтын орда хандарының жерленген орны болғандай» (Сарайшық - бабалар мұрасы, 2015: 105), деп түйіндейді.

Сонымен ортағасырлық Сарайшықтың ел билеушілері пантеоны болғаны біздіңше еш дау туғызбайды. Дегенмен, онда жерленген Жошы Ұлысы хандарын нақтылау ыждағатты ізденісті қажет етсе, Қазақ хандығының біртуар билеушісі Қасым ханның Сарайшықта жерленгені тарихи шындық.


1521 жылы қайтыс болған Қасым Жәнібекұлының Сарайшықта жерленгені туралы жоғарыдағы Қадырғали Жалайыридың пікірін бүгінгі ғалымдар да толық қолдайды. Оны қазақстандық археолог ғалымдар З.Самашев (Тасмағамбетов, Самашев, 1999: 57-58), М.Б. Қожа (Қожа, Самашев, 2007:236), Д.А. Талеев (Талеев, Самашев, 2001: 45), М. Қасенов (Қасенов, 2007: 36), этнограф А. Токтабай (Токтабаев, 1998) зерттеулері дәлелдей түседі.

Осындай дәлелді тарихи деректер мен пікірлерді қорыта келе, «Сарайшық» музей-қорығының ғалымдары 2020 жылы «Хан моласының» орнын іздеуді қолға алады. Алдымен, бұрын ғалымдар қолы жетпеген, 2018 жылы ғана ғылыми айналымға түскен әскери топограф А.Е. Алексеевтің топографиялық сызбасы сараланады (1-сурет). Сызбада цитадель ішіндегі «Әулие склеп» орны анық көрсетілген және жазба астына «1846 жылы татар саудагерлері Бөкей ордасы ханы Жәңгірдің тапсырмасы бойынша ағаштан қоршау тұрғызған» деп жазылған (Сарайшық - бабалар мұрасы, 2015: 51,54).



1-сурет-А.Е. Алексеевтің топографиялық сызбасы(Сарайшық - бабалар мұрасы, 2015)

Топографиялық сызба 1999 жылы З. Самашев бастаған Сарайшықтағы экспедиция тұжырымымен толық сәйкес келеді. Өйткені осы экспедиция хандар жерленген зираттың орнын анықтады және оның шамамен схемасын сызды. 1999 жылғы қазбаға қатысқан белгілі археолог З. Самашев, Д.А.Талеев: «Көптеген ғылыми проблемалардың көлеңкесінде көрінбей келген мәселенің бірі сол хандар жерленген көне қорымды тауып зерттеу еді» дей келе, «Бір айға созылған іздеу жұмыстарының нәтижесінде хандар жерленген зираттың орналасқан территориясын анықтау мүмкіндігі туды» деп жазғанды (Талеев, Самашев, 2001: 16). Қазба есебінде қалашықтың қазбалар көрсетілген жобасында «Хандар зираты» сызылған. Кейін осы сызба бойынша «Хандар зираты» арнайы қоршалған (2-сурет).



2-сурет-III-қазба, «Хандар зиратының» қоршауы, 1999 ж. (Талеев, Самашев, 2001: 16)

Топографиялық сызбадағы «Әулие склеп» «Хандар зираты» сызбасының оңтүстік батысында белгіленген. Осы белгі бойынша музей-қорық 2020 жылы наурыз-сәуір айларында цитадель ішіндегі қорымға, бейіттердің орналасуына ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізіп, шамамен «Әулие склеп немесе хан моласы» орнын анықтады. Экспедиция құрамына жергілікті тұрғындар тартылады. Олар Ескі Сарайшықта тұрған ел зиялылары Мырзағали Қаржауов пен оның баласы Шоқан Қаржауовтың Қасым хан туралы естеліктерін хабарлады. Сұрастырып білгеніміздей, Мырзағали Қаржауов XX ғасыр басындағы қазақ зиялыларының бірі, Х. Досмұхамедовпен бірге Орал училищесінде оқып елде басшылық қызметтер атқарған, ал баласы Шоқан Қаржауов облысымыздың білім саласын ұзақ жылдар бойы басқарған белді тұлғалар екен. Өткен ғасыр соңында олардан қалған естеліктерді этнограф А. Тоқтабайдың Сарайшыққа келіп жазып алғаны, 1998 жылы «Егемен Қазақстан» газетіне «Сарайшықтағы аққу көлі» атты мақалада жариялағаны белгілі болды. Ғалым мақаласында атыраулық қоғам қайраткері Ш. Қаржауовтың: «Әкем Мырзағали 1937 жылы қайтыс боларда мені хан бейітіне, Қасым ханның жанына жерлендер, бейіттің жанында мешіт болуға тиіс деп өсиет етті. Әкемнің өсиетін орындайын деп мәйітін Гурьевтен (Атыраудан) Сарайшыққа әкелдім. Сұрастыра жүріп 90-ға келіп қалған бір ноғай шалына кездестім. Ол Қасым хан бейітінің баспалдақпен түсетін жартылай жер асты мешітінде екендігін айтты. Мешіттің бір қабырғасы түгелдей шымылдықпен жабулы тұр, ары қарай хан бейітінің үстінен шығасың. Әкемді сол жерге жерлеп моласын соқтық» деп еске алғанын жариялайды (Сарайшық - бабалар мұрасы, 2015: 20). Мұндай ақпаратты белгілі журналист, өлкетанушы Ө. Әлімгерей де толық растайды. Ө. Әлімгерей 90-шы жылдардың соңында Атырау телеарнасының тапсырмасымен Сарайшыққа келіп, Жайық жағалауында Ш. Қаржауовтан сұқбат алған. Сұқбат барысында ақсақал Қасым ханның Сарайшықтағы ескі қорымда жерленгенін хабарлаған.

Жақында жоғарыдағы пікірлерді дәлелдейтін Ш. Қаржауовтың 1997 жылы жарияланған еңбегі қолға түсті. Ол еңбегінде: «Атам М. Қаржауов 1937 жылы 12 қаңтарда Бақсай ауданы, Таңқы орталау мектебін басқарып, 77 жасында қайтыс болды. Оны өсиеті бойынша 1523 жылы 70 жасында қайтыс болған Қасым хан жерленген Сарайшықтағы хан қорымына жерледім» деп жазады (Қаржауов, 1997: 9).

2020 жылы сәуір айында Сарайшық ауылының тұрғыны, Мырзағали қарттың жиені, Жанипа Құралбаева мен Ақжар ауылында тұратын Мырзағали қарттың немересі, тарихшы Серік Мырзағалиев музей-қорыққа келіп, «Атамыз Мырзағалидан бізге Қасым ханның жерленген орны аманатталған. Хан 8 метр тереңдікте жатыр. Оны сіздер табуларыңыз керек. Біз атамызды, оның айналасындағы аналарымызды, бауырларымызды жаңа бейітке көшіруге толық келісеміз» деп мәлімдеді. Содан олар музей-қорық қызметкерлерін ескі қорымға ертіп апарып, Мырзағали қарттың жерленген орнын көрсетті. Зират басында құлыптасы сақталған екен. Осы жолы С. Мырзағалиев музей-қорыққа Мырзағали қарттың фотосуреті мен жазбаларын тапсырды.

Осылайша Сарайшықтағы 1999 жылы сызылған «Хандар зираты», 2017 жылы табылған топографиялық сызба-картадағы «Әулие склеп», топограф А.Е. Алексеевтің жазбасындағы «Хан моласы», 2020 жылғы «Хан моласын» анықтау бағытында жүргізілген археологиялық қазбаның алғашқы қорытындылары, ел ішіндегі фольклорлық деректер бірін-бірі толықтыра түсті. Ең қызығы картадағы «әулие склеп» орны М. Қаржауов жерленген орын шамасында екені анықталады. Қорытындысында М. Қаржауов жерленген жер маңынан белгіленген «Әулие склеп-Хан моласына» қазба жұмыстарын бастау үшін Сарайшықта арнайы жиналыс ұйымдастырылды. «Әулие склеп-Хан моласы» маңында жерленген құлыптасы мен эпитафиясы бар тұлғалар ағайындарынан оларды жаңа «Құлметен» зиратына көшіру туралы арнайы қолхат алынды, хаттама толтырылды.

2020 жылы маусым айында басталған қазба барысында жер бетінен 1,20 м тереңдіктен ортағасырлық қабірхананың бір бұрышы анықталды. Ендігі жағдайда толыққанды қазба жұмыстарын жүргізу үшін алдымен оның үстіне, жанына жерленген мәйіттерді көшіру мәселесі туындады. Ол жұмыстар 2021 жылы қолға алынып, Атырау облысы әкімдігінің қолдауымен 20 адамның мәйіті «Құлметен» зиратына көшірілді. Оның ішінде 7 марқұмның есімдері белгілі боп, олардың ағайын-туыстары табылды. Ал қалған 13 мәйіттің аты-жөндері белгісіз, ағайын-туыстары анықталмады. Қабір үсті белгілері жоқ мәйіттердің көпшілігі қазба жұмысы барысында анықталған. Есімдері және ағайындары белгілі болған қабірлер Беріш-Жайық руынан Мырзағали Қаржауов және оның әйелі Бадиғұл, анасы Хамила, ұлдары Нығмет пен Шоқан Қаржауовтар. Сонымен бірге Ысық руынан Ерсарыұлы Наушабай мен оның ұлы Наушабайұлы Құбаштың қабірлері еді. Олардың барлығы ағайындарының қатысуымен, мұсылмандық салт бойынша жерленді. (Сарайшық зиратындағы «Хан моласы» қазбасы маңында жерленген бейіттерді «Құлметен» зиратына көшіру жұмысының есебі, 2021: 3).

Міне, осыдан соң толыққанды қазба жұмыстары басталды. Қазба жұмысын Сарайшық қалашығы қазбасына 1996 жылдан қатысушы, музей-қорықтың тәжірибелі археологы А. Тұрарұлы, археолог, т.ғ.к. М. Қасенов, жас археологтар А. Жұмабаев, Ж. Байғалиев жүргізді. «Әулие склеп-Хан моласы» атауына ие болған нысанда жүргізілген археологиялық зерттеу жұмыстары нәтижесінде киіз үй тәрізді күмбезді төбесі толық бұзылған, үш бұрышы сақталған көрхана (қабірхана) ашылды. Ал, төртінші бұрышы,

өкінішке орай, толығымен бұзылып тасталған. Көрхананың ішкі көлемі 4x4 м-ге тең. Қыш кірпіштердің көлемі 22x22x5, 23x23x5 см. Көрхана аузы дромос тәріздес, ұзын дәліз түрінде салынған. Ұзындығы 3,70 м.

Осы үлгідегі көрхана «Әулие склептен» оңтүстік-шығысқа қарай 50 м жерде, 1999 жылы ашылған болатын. 1999 жылы ашылған көрхана кірпіштерінің өлшемі де 22x22x5, 23x23x5 см болған. Осы қазбаны 2006 жылы жалғастырған ғалымдар аумақтың стратиграфиясын және табылған тиындарды есепке алып көрхананы ноғай-қазақ кезеңіндегі жерленім үлгісі және бұл «элиталық» жерлеу кешені деген қорытынды жасайды. Ғалымдар мұның бұрын Сарайшықтан кездескен көрханалардан тағы бір ерекшелігі, қаланған күйдірілген қыш кірпіштердің бүтін екенін атап өтеді (Отчет о работах Западно-Казахстанской археологической экспедиции ИА МОН РК «Научно-прикладное исследование в области археолого-культурное наследие. Раздел «Городище Сарайчик» в 2006 году, 2007: 12). З. Самашев пен Д.Талеев көрхана атауымен келіспей, оны «жер асты жерленімі» деп атайды. Олардың анықтауынша, көрхана еденіне көлемі 25x25x5 қызыл қыш кірпіш төселген және есігі солтүстікке қараған. Ғалымдар зерттеуі соңында «біз қазған жерленім кешені екі құрамдас бөлімнен тұрған. Біріншісі, – жерленім астында орналасқан қайтыс болған кісіні, немесе кісілерді қоюға арналған жер асты қабірі. Екіншісі, оның үстіне салынған кесене, яғни осында жерленген кісілерге келіп, оларды еске алып, оларға бағышталған құран түсіруге арналған ғимарат. Өкінішке орай, қабірде ешқандай жерлеу заттары сақталмағандықтан ескерткіштің этникалық тегі жайлы дөп басу қиын. Кесененің түп тегі жайлы зерттеу оның сәулеткерлік ерекшеліктері тұрғысынан жүргізілуде. Хандар жерленген зират табылған жерден жазба деректерде аттары аталатын хандардың қабірлерінің орналасқан жері анықталған жоқ. Сондықтан келешекте бұл мәселеге қайтып оралуымыз мүмкін» деп қорытады (Талеев, Самашев, 2001:21).

2021 жылғы қазба 2 көрхана орнын толық ашып, «Хандар зиратындағы» 1999, 2006 жылғы зерттеу нәтижелерін толықтыра түсті. Бір ерекшелігі, көрхананы қоршаған кесене ізі әзірше табылмады. Көрхана көлемі, қаланған материалдар - кірпіштер, ішкі жағының сылануы, еденге кірпіш төселуі оларды қайталайды. Тіпті №3 көрхана атауына ие болған нысанда ағаш табыттың қалдықтары да шықты (3-4-сурет).



3-сурет - №3 көрхананың солтүстіктен көрінісі



4-сурет-№3 көрханадағы жерленген сүйектер

Ал №4 көрхана жобасында тік төртбұрышты. Бұрыштары жоғары қараған жебе тәріздес күмбезделген (5-сурет). Еденіне тас төселмеген. Түбіне алебастр ұнтақтары төгілген. Оның да ұзын дәлізі бар. Дәліз кірпіштері саз балшықты ерітіндімен бекітілген. Дәліз бен көрхананың қосылған жерінде кірпіштер байланыспаған, соған қарағанда дәліз кейінірек салынған болса керек. Мұның өзі де ойланарлық.



5-сурет-№4 көрхана

2021 жылы мамыр айында біз толық ашылған №3 көрхананың фотосуреттерін осы саланың мамандары археологтар М. Қожа, ресейліктер В. Плахов, Е. Пигаревтерге жібердік. Материалдармен 2021 жылы 3 маусымда танысқан белгілі археолог, 2000 жылдары Сарайшықтағы археологиялық қазбаларға қатысқан, көрханаларға ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізген Қ.А. Ясауи атындағы Қазақ-Түрік университетінің профессоры, тарих ғылымдарының докторы Мұқтар Қожа: «Сарайшық» музей-қорығы қызметкерлері 2020-2021 жылдары Ескі Сарайшық ауылындағы қазіргі кездегі зират аумағынан ашқан ортағасырлық көрхана ХХ ғасырдың аяғы - ХХІ ғасырдың басындағы қала учаскелерінде зерттелген сағаналардан өзгеше. Жер асты құрылысының көлемі (4 x 4 м), көрханаға апаратын арнайы дәліздің құрылысы және көрхана ішкі қабырғаларындағы алебастр сылағының болуы, ең алдымен, құрылысқа тапсырыс берушінің ерекше мәртебесі бар екенін көрсетеді. Көлемі бойынша ол Түркістан қаласындағы Қожа Ахмет Ясауи кесенесі жанындағы дала элитасының сағаналарына жақын келеді. Сондай-ақ, Рабия Сұлтан Бегім кесенесі сағанасының ішкі қабырғалары түрлі-түсті ғанышпен көмкерілген, күмбезді дәлізі бар» деп бағалайды.

2021 жылы 5 маусымда белгілі ресейлік археолог, ортағасырлық Сарай-Бату қаласын зерттеумен айналысқан маман Е. Пигарев: «Жіберген материалдарды қарап шықтым. Әдемі, мазмұнды қазба! Бізде көрханалар бар, бірақ онша көп емес. Кесенеге келер болсақ. Шынында да, өте сапалы құрылыс. Тіпті фотосуреттер мен бейнероликтен құрылыстың қабырғалары қаншалықты сапалы және кәсіби қаланғанын көруге болады. Өте айқын тік және өтпе бұрыштары. Әк ерітіндісін қолдану құрылымның беріктігін көрсетеді. Ең алдымен, бұл біршама биік күмбезді құрылым болған болса керек. Кірпіш еденнің, сапалы сыланған қабырғалардың болуы - құрылысшылардың жоғары кәсіби деңгейін көрсетеді. Кіреберістің ұзын дәлізі өте қызығушылық тудырады. Құрылыс әдістері мен ішкі әрлеу сапасы, ғимараттың архитектурасы (оның жоспарлануы көрхана түріндегі қарапайым склептерден өзгеше) кесенеді жерленген адамның жоғары мәртебесі туралы айта алады. Бұл кесене зираттың осы бөлігіндегі орталық жерленім болуы мүмкін. Оның айналасына (қасиетті орын айналасы сияқты) кейінірек басқа жерленімдер салынуы мүмкін. Тағы да қайталаймын, құрылыс және әрлеу тәсілдері жерленген адамның жоғары мәртебесін айғақтайды. Кесене XV ғасырдың ортасынан ерте салынбаған және кейінгі алтынордалық кезеңге жатады деп толық сеніммен айтуға болады» деп ойын қорытқан.

2021 жылғы қазба барысындағы фотолар мен видеоны мұқият саралаған ортағасырлық Сарайшық маманы, астрахандық археолог В. Плахов: «Жіберілген материалдарды мұқият қарап шықтым. Фотосуреттерден көрхана кейіннен қазылған шұңқыр ішіне салынғанын көруге болады. Қабырғалардың кей бөліктері бұзылып алынған. Бұл жағдай үйреншікті және бұрынғы қазба маусымдарында бірнеше рет кездесті. Бұған себеп, көрханалардың үстіне қабір үсті белгілері қойылмауымен байланысты болса керек. Бұрынғы қазбалардың барлық кезеңінде көрханалардың үстінен стела немесе басқа да құрылымдар

қалдықтары табылған жоқ. Олар Төменгі Еділ аймағында да кездескен емес. Көрхана ұзын кіреберіс дәлізі – дромосы арқылы ерекше. Мұндай ұзын кіреберіс дәліздер Қырым ноғайларына тән. Сонымен қатар, осы жерден солтүстікке қарай 1480-1490 жылдардағы Қырым күміс және мыс монеталары табылған. Ішкі көрінісінің ерекше безендірілуі мұның әулеттік склеп екенін білдіреді, мүмкін маңғыт аксүйегінің отбасы жерленген болар.

Маңғыт билерінің Шыңғыс хан әулетімен байланысы жоқ екені белгілі. Ал қазақ хандары Шыңғыс ханның тікелей ұрпақтары. Сондықтан Алтын Ордада қалыптасқан дәстүр бойынша олардың мәйіті үстіне міндетті түрде кесенелер қойылған. Кейде жерлеу бөлмесінің астында көрханаға ұқсас жер асты склептері болса да, үстінде кесененің болуы міндетті.

Сіздер ашқан нысан өте маңызды, ол алғаш рет Сарайшықтың Қырыммен тікелей байланысын көрсетеді және кейінгі алтынордалық кезеңдегі еуразиялық кеңістіктің этникалық процестерінде археологияның ролін көрсетеді. Бұл ретте мұқият зерттеп, табандылық таныту арқылы сол кездегі ноғай аксүйектерінің қайсысы қайтыс болғанға дейін қазақ хандарымен қарым-қатынаста болғанын саяси жағдай бойынша анықтауға болады. Бұл көрхананы Қасым хан кесенесі немесе басқа ғимараттар құрылысы қозғамаған, өйткені олар бұл туралы білген» деп жазды.

Сонымен қазбаның алғашқы нәтижелері мен жоғарыдағы ғалым мамандардың пікірлері біздіңше №3, №4 көрхананың ерекшелігін ғана емес, сонымен бірге оның маңыздылығын көрсетеді. Оларды ескере отыра, біз табылған көрханалар материалдарын ғылыми-зерттеуді жалғастыру қажет деп таптық. Жерленген адам сүйегінің жасын радиоқөміртек әдісімен анықтау мақсатында Вильнюс қаласындағы лабораторияға ғылыми үлгі жіберілді. Бұл ғылыми үлгімен жұмыс жасаған мамандардың сараптамасы 457 жасты көрсетті, бұған ± 30 жас қосылады. Яғни, біздің есептеуімізше 1493 жылға сәйкес келеді, нақтырақ айтсақ, 1463-1523 жылдардың аралығын көрсетеді. Сүйекте көміртегінің тұрақты изотопы мөлшерден аз, азоттың тұрақты изотопы мөлшерден көп болды. Бұл зерттеудегі жеке тұлғаның мал етін, балық етін, сүтті тағамдарды көп тұтынғанын, ал, көкөністермен аз тамақтанғанын көрсетеді (Ортағасырлық Сарайшық қаласы аумағындағы «Хан моласы» нысанының археологиялық зерттеу жұмыстарының ғылыми есебі, 2021: 34).

Одан соң, көрханадан табылған мата қалдығын реставратор Татьяна Крупаға жіберілді. Алдын-ала тазарту нәтижесінде ақ түсті жіптермен өрнектер салынған қызыл барқыт матасы екені хабарланды. Ортағасырларда барқыт матаның бәсі жоғары, тек бай адамдар ғана қолданғаны тарихтан белгілі (Ортағасырлық Сарайшық қаласы аумағындағы «Хан моласы» нысанының археологиялық зерттеу жұмыстарының ғылыми есебі, 2021: 34).

Қорытынды. Қорыта келгенде, 2020-2021 жылдары табылған 2 көрханада қандай ерекшеліктер бар екендігін атап көрсетсек:

Біріншіден, көрхананың ұзын дәлізі бар және ол анық сақталған. Ол турасында астрахандық археолог В. Плаховтың ойы жоғарыда келтірілді.

Екіншіден, екі көрханада да адам сүйектерінің көптеп табылуы. Әрқайсысынан 10-нан аса адам сүйектері алынды.

Үшіншіден, осы жолы екі көрхананың есіктері оңтүстік-батысқа қараған (1999, 2006 жылдары ашылғандар солтүстікке қараған).

Төртіншіден, 2021 жылы көрханалар айтарлықтай тереңнен, 1,20 м тереңдіктен ашылды. Көрхана табаны жер бетінен 2,20 м төмен.

Бесіншіден, екі көрхананың да ішкі қабырғасы ақ алебастрмен сыланған. Кірпіштерді бекіткен ерітінді де алебастрдан дайындалған.

Алтыншыдан, көрханалар ішінен түймелік бекітпе (заклепка) тәріздес мыс бұйымдардың табылуы. Сонымен қатар темір белдік тоғасы, қалпақты шегелер, т.б. темір бұйымдар қалдықтары табылды.

Жетіншіден, 2021 жылғы көрханалардағы тағы бір ерекшелік, мұндағы адам сүйектерінің анатомиялық тәртібі бұзылған. Сүйектер жан-жаққа шашылып жатыр. Яғни, көрханалар тоналған. Кірпіштерін де бұзып әкеткені анық.

Алдағы кезде генетикалық сараптамалар жүргізу мәселесі түр. Бұл бағытта мамандармен келісімдер жүруде. Дегенмен, А.Е.Алексеевтің сызбасы мен жазбасындағы «Хан моласын» негізге алар болсақ, №3, №4 көрханаларды «Хан моласы» деуге толық дәлел жоқ. Сондықтан ізденістер жалғаса береді деген ойдамыз. Ғылыми айналымға енгізілер жаңа деректер Сарайшықтың Ұлы Дала тарихындағы ролін жаңаша қарастыруға мүмкіндік береді. «Хан моласы» қазбасының тарих ғылымына әкелер өзіндік жаңалығы боларына сенім білдіреміз.

Әдебиеттер

Беляков А.В. Ураз-Мухаммед ибн Ондан и Исинеи Карамышев сын Мусаитов. Опыт совместной биографии. Алматы: АО «АБДИ Компани», 2019. 208 с.

Вельминов-Зернов В.В. Исследования о Касимовских царях и царевичах. Ч. 2. СПб., 1864. С.145.

- Жалайыр Қ. Шежірелер жинағы. Алматы: Қазақстан, 1997. 128 б.
- Каржауов Ш.М. О себе или воспоминания о пройденном жизненном пути. Атырау, 1997. 77 с.
- Қасенов М. Сарайшық қаласының тарихы. Атырау: Х.Досмұхамедов атындағы АМУ баспасы, 2007. 80 б.
- Қожа М., Самашев З. Элитный культовый комплекс Сарайчика /Вопросы истории и археологии Западного Казахстана 2007. №01 (6). 367 с.
- Марғұлан Ә. Көп томдық шығармалар жинағы / Шоқан Уәлиханов. –Алматы: «Толғағай групп», 2010. Т.9
- Мұқтар Ә. Тұрарұлы А. Хан моласын іздеу және оның алғашқы нәтижелері // «Қасым хан және Сарайшық: Қазақ мемлекеттілігі тарихында» Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдар жинағы (қазан, 2021 ж.) / Жалпы ред. Басқ. Ә.Қ. Мұқтар. Атырау-Сарайшық, 2021. 129-143 б.
- Ортағасырлық Сарайшық қаласы аумағындағы «Хан моласы» нысанының археологиялық зерттеу жұмыстарының ғылыми есебі. Сарайшық, 2021. 36 б.
- Отчет о работах Западно-Казахстанской археологической экспедиции ИА МОН РК «Научно-прикладное исследования в области археолого-культурное наследие. Раздел «Городище Сарайчик» в 2006 году. Алматы, 2007.
- Президент Сарайшық орталығы құрылысына қатысты мәселені дереу шешуді тапсырды // https://www.inform.kz/kz/prezident-sarayshyk-ortalygy-kurylysyna-katysty-maseleni-dereu-sheshudi-tapsyrdu_a3779649 (қаралған күні: 25.09.2021).
- Рычков П.И. Топография Оренбургской губернии. Уфа: Китап, 1999. 312 с.
- Сарайшық - бабалар мұрасы. Сарайшық қалашығының тарихы туралы дереккөздер / Құр. Ж.К. Жұмабаева, М.Қ.Кипиев / Ғыл. ред. Ж.К.Жұмабаева. Атырау: «Ағатай» баспасы, 2015. 224 б.
- Сарайшық зиратындағы «Хан моласы» қазбасы маңында жерленген бейіттерді «Құлметен» зиратына көшіру жұмысының есебі. Сарайшық, 2021. 13 б.
- Талеев Д.А., Самашев З. Сарайшықтағы хандар зираты. // Актуальные проблемы и истории, археологии, этнологии. Астана, 2001. 14 б.
- Тасмағамбетов И., Самашев З. Сарайшық. Алматы: ОФ «Берел», 2001. 320 с.
- Тоқтабаев А. Сарайшық аққу көлі. // Егемен Қазақстан. 21 наурыз, 1998 жыл.
- Трепавлов В.В. История Ногайской Орды. / Отв. ред. М.А.Усманов. 2-изд., испр. идоп. –Казань: Издательский дом «Казанская недвижимость», 2016. 764 с.
- Тынышпаев М. История казахского народа. Составители и авторы предисловия проф. Такенов А.С. и Байғалиев Б. Алма-Ата, «Қазақ университеті», 1993. 224 с.
- Чулошников А.П. Очерки по истории Казак-Киргизского народа в связи с общими историческими судьбами других тюркских племен. Часть первая древнее время и средние века. Оренбург: Киргизское государственное издательство, 1924. 291 с.

References

- Beliakov A.V. Uraz-Muhammed ibn Ondan i Isinei Karamyshev syn Musaitov. Opyt sovместnoi biografii. (Uraz-Muhammed ibn Ondan and Isinei Karamyshev son of the Musaites. Experience of joint biography.). Алматы: АО «ABDI Kompani», 2019. -208 s. [in Russian].
- Veliaminov-Zernov V.V. Issledovaniia o Kasimovskih cariah i carevichah. Ch. 2. (Studies on the Kasimov tsars and princes. Part 2). SPb.,1864. S.145. [in Russian].
- Zhalaiyr K. Shezhireler zhinagy. [Collection of genealogies] Алматы: Kazakhstan, 1997. 128 b. [in Kazakh].
- Karzhauov Sh.M. O sebe ili vospominaniia o proidennom zhiznennom puti. (About yourself or memories of the life path you have traveled.). Atyrau, 1997. 77 s. [in Russian].
- Kasenov M. Saraishyk kalasynyn tarihy. (History of Saraishyk). Atyrau: H.Dosmuhamedov atyndagy AMU baspasy, 2007. 80 b. [in Kazakh].
- Kozha M., Samashev Z. Elitnyi kultovoy kompleks Saraichika (Elite cult complex Saraichika) / Voprosy istorii i arheologii Zapadnogo Kazahstana 2007. №01 (6). 367 s. [in Russian].
- Margulan A. Kop tomдық shygarmalar zhinagy (Multi - volume collection of works)/ Shokan Ualihanov. – Алматы: «Tolagai grupp», 2010. Т.9 [in Kazakh].
- Muktar A. Turaruly A. Han molасыn izdeu zhane onyn algashky natizheleri (The search for the Khan's grave and its first results) // «Kasym han zhane Saraishyk: Kazak memlekettiligi tarihynda» Respublikalyk gylymi-tazhiribelik konferenciya synyn materialdar zhinagy (kazan, 2021 zh.) / Zhalpy red. Bask. A.K. Muktar. Atyrau-Saraishyk, 2021. 129-143 b. [in Kazakh].
- Ortagasyrlyk Saraishyk kalasy aumagyndagy «Han molasy» nysanynyn arheologiyalyk zertteu zhumystarynyn gylymi esebi. (Scientific report of the archaeological research of the "Khan's grave" object in the medieval city of Saraishyk). Saraishyk, 2021. 36 b.
- Отчет о работах Западно-Казахстанской археологической экспедиции ИА МОН РК «Научно-прикладное исследования в области археолого-культурное наследие. Раздел «Городище Сарайшык» в 2006 году. (Report on the work of the West-Kazakhstan archeological expedition IA MON RK «Scientific and applied research in the field of archeological and cultural heritage. Section «Saraishyk Gorodishche» in 2006.) –Алматы, 2007. [in Russian].
- Президент Saraishyk ortalygy kurylysyna katysty maseleni dereu sheshudi tapsyrdu (The President instructed to resolve immediately the issue concerning the construction of the Saraichik center //

https://www.inform.kz/kz/prezident-sarayshyk-ortalygy-kurylysyna-katysty-maseleni-dereu-sheshudi-tapsyrdy_a3779649 (karalghan kuni: 25.09.2021). [in Kazakh].

Rychkov P.I. Topografiia Orenburgskoi gubernii. (Topography of the Orenburg province.) –Ufa: Kitap, 1999. - 312 s. [in Russian].

Saraishyk - babalar murasy. Saraishyk kalashygyryn tarihy turaly derekkozder (Saraishyk is an ancestral heritage. Sources on the history of Saraishyk town)/ Kur. Zh.K. Zhumabaeva, M.K. Kipiev / Gyl. red. Zh.K. Zhumabaeva. Atyrau: «Agatai » baspasy, 2015. 224 b. [in Kazakh].

Saraishyk ziratyndagy «Xan molasy» kazbasy manynda zherlengen beitterdi «Kulmeten» ziratyna koshiru zhmysynyn esebi. (Report on the relocation of graves buried near the excavation «Khan's tomb» in Saraishyk cemetery to the cemetery «Kulmeten»). – Saraishyk, 2021. [in Kazakh].

Taleev D.A., Samashev Z. Saraishyktagy xandar ziraty. (Saraishyk khan's cemetery) // Aktualnye problemy i istorii, arheologii, etnologii. Astana, 2001. 14 b. [in Kazakh].

Tasmagambetov I., Samashev Z. Saraishyk. (Saraishyk). Almaty: OF «Berel», 2001. 320 s. [in Kazakh].

Toktabaev A. Saraishyk akku koli. (Saraishyk Swan Lake.)// Egemen Kazakhstan. 21 nauryz, 1998 zhyl. [in Kazakh].

Trepavlov V.V. Istoriia Nogaiskoi Ordy. [History of the Nogai Horde] / Otv. red. M.A. Usmanov. 2-izd., ispr. idop. Kazan: Izdatelskii dom «Kazanskaia nedviimost», 2016. 764 s. [in Russian].

Tynyshpaev M. Istoriia kazahskogo naroda. (History of the Kazakh people.) Sostaviteli i avtory predisloviia prof. Takenov A.S. i Baigaliev B. Alma-Ata, «Kazakh universiteti», 1993. 224 s. [in Russian].

Chuloshnikov A.P. Ocherki po istorii Kazak-Kirgizskogo naroda v sviazi s obshhimi istoricheskimi sudbami drugih turkskikh plemen. Chast pervaja drevnee vremia i srednie veka. (Essays on the history of the Kazakh-Kyrgyz people in connection with the common historical destinies of other Turkic tribes. Part of the first ancient times and the Middle Ages.). Orenburg: Kirgizskoe gosudarstvennoe izdatelstvo, 1924. -291 s. [in Russian].

МРНТИ 03.41.91

DOI 10.51943/1814-6961_2022_3_196

НОВЫЕ ПОДХОДЫ В ИССЛЕДОВАНИИ ЭЛИТНЫХ МОГИЛЬНИКОВ САКСКОЙ ЭПОХИ САРЫАРКИ

Хабдулина Марал Калымжановна^{1id}, Ғайса Ақерке Маратқызы^{2*id}

¹ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, Казахстан, Астана

²НИИ археологии им. К.А. Акишева, Казахстан, Астана

*Автор-корреспондент

E-mail: mk_khabdulina@mail.ru (Хабдулина), akos_777_777@mail.ru (Ғайса)

Аннотация. Многофункциональный культурный ландшафт, сосредоточение крупных курганов на небольшом пространстве русла реки Ишим, в месте, несомненно, имевшем важное геостратегическое значение, послужили причиной выбора могильника Баубек батыр для исследования дораскопными методами. В 2021 г. отрядом НИИ археологии им. К.А. Акишева подробно были изучены планировка и прилегающие конструкции двух курганов №1 и 3. Целью исследования было изучить принципы устройства пространственной структуры элитного могильника сакской эпохи как многокомпонентного, развернутого во времени, ансамбля погребальной и поминальной архитектуры. В результате были обнаружены новые детали и сведения в понимании того, что курган представляет собой архитектурный памятник не только погребального характера, но и объект, насыщенный сложной ритуальной символикой.

Ключевые слова: Сарыарка, тасмолинская культура, царские курганы, Баубек батыр, планировка, методы, архитектура

Статья подготовлена в рамках реализации научного проекта грантового финансирования КН МОН РК АР09261134 «Пространственная планировка и архитектура культовых мемориалов сакской знати Терисаккан-Есильского региона»

**МАЗМҰНЫ
CONTENTS
СОДЕРЖАНИЕ**

**ДЕРЕКТАНУ ЖӘНЕ ТАРИХНАМА
SOURCE STUDING AND HISTORIOGRAPHY
ИСТОЧНИКОВЕДЕНИЕ И ИСТОРИОГРАФИЯ**

Белтенев Ж. М.
ЕСКІ ЖӘДІГЕРЛЕРДЕГІ АРАБГРАФИКАЛЫ ЭПИГРАФИКАЛЫҚ ДЕРЕКТЕР
(ҚР ОМА МАТЕРИАЛДАРЫ НЕГІЗІНДЕ).....5

Асымова Д.Б.
ҚАЗАҚСТАННЫҢ XX ҒАСЫРДЫҢ ЕКІНШІ ЖАРТЫСЫНДАҒЫ
ОТБАСЫ ФОТОЛАРЫНДАҒЫ БЕЙНЕЛЕРДІҢ ВИЗУАЛДЫ ТАРИХЫ.....19

**ОРТА ҒАСЫРЛАР ТАРИХЫ
MEDIEVAL HISTORY
СРЕДНЕВЕКОВАЯ ИСТОРИЯ**

Ошан Ж.
ТҮРКІ ҚАҒАНАТТАРЫ ЫДЫРАҒАННАН КЕЙІН ТОҒЫЗ ТАТАРДЫҢ ДАЛА
БИЛІГІНЕ ҮМТЫЛУЫ, ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ КӨШПЕНДІЛЕР АРАСЫНДАҒЫ
САЯСИ ОРНЫ МЕН ТАРИХИ РӨЛІ.....28

Aubakirova K.K., Taiman S.T.
HISTORICAL AND CULTURAL FACTORS OF THE TURKIC-ARAB
RELATIONS DURING THE MAMLUKS RULE (13-15 CENTURIES).....36

**ЖАҢА ЗАМАН ТАРИХЫ
NEW HISTORY
НОВАЯ ИСТОРИЯ**

Садықов Е.Т., Жүсіпов Н.Қ., Токмұхамедов С.Е.
МӘШҰР ЖҮСІПТІҢ ТАРИХИ МҰРАСЫ.....44

Дүйсебаева А.И.
ОСОБЕННОСТИ ОРГАНИЗАЦИИ ИМПЕРСКОЙ ВЕТЕРИНАРНОЙ СЛУЖБЫ
В КАЗАХСКОЙ СТЕПИ: НА ПРИМЕРЕ ТУРГАЙСКОЙ ОБЛАСТИ (КОНЕЦ XIX ВЕКА).....52

**КЕҢЕС ДӘУІРІ ТАРИХЫ
SOVIET PERIOD HISTORY
ИСТОРИЯ СОВЕТСКОГО ПЕРИОДА**

Кабульдинов З.Е., Рыскулов Т.А.
ОБЩЕСТВЕННО-ПОЛИТИЧЕСКИЕ ВЗГЛЯДЫ СМАГУЛА САДУАКАСОВА.....62

Жүсіп Сұлтан Хан, Козыбаева М.М., Маслов Х.Б.
О ДЕЯТЕЛЬНОСТИ АЛИХАН БУКЕЙХАНА В ПЕРВЫЕ ГОДЫ
СОВЕТСКОЙ ВЛАСТИ В КАЗАХСТАНЕ (1920-1922).....69

Гривенная Л.А.
ВОССТАНИЯ И ГОЛОД 1921-1922-Х ГОДОВ В КАЗАХСТАНЕ:
ПОЛИТИЧЕСКАЯ И СОЦИАЛЬНАЯ РЕАКЦИЯ НА
АНТИНАРОДНУЮ ПОЛИТИКУ БОЛЬШЕВИСТСКОЙ ВЛАСТИ.....78

Мусагалиева А.С.
О НАРОДНЫХ ВОССТАНИЯХ И ПРОТЕСТАХ В КАЗАХСТАНЕ (1929-1931 ГГ.).....87

Исенов О.И., Купенов Б.К.
1920-1930 жж. ТӘЖІКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНА ҚОНЫС АУДАРҒАН
ҚАЗАҚ БОСҚЫНДАРЫ: ОЛАРДЫҢ БЕЙІМДЕЛУІ.....96

Толентаева К.А. ҚАЗАҚСТАНДА ОРТА АРНАУЛЫ КӘСІБИ БІЛІМНІҢ ДАМУ МӘСЕЛЕЛЕРІ (XX ҒАС. 20-30 жж.).....	106
Қайыпбаева А.Т., Әбікей А.М. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЗАЙЫРЛЫ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ ЖӘНЕ ХАЛЫҚ АҒАРТУ КОМИССАРИАТЫ.....	117
Қабыл А.Ә., Нартбаев Ш.Ж., Мамраймов С.Д. ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ 1930-ЖЫЛДАРЫ ҚАРАҚАЛПАҚ ЖЕРІНЕ АУА КӨШҮІ ЖӘНЕ ОҢТҮСТІККЕ ОРАЛУ ТАРИХЫНАН.....	127
Болтаева С.Ж. ТӘШЕНЕВ ЖҮМАБЕК АХМЕТҮЛЫ – КЕҢЕСТІК ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЖЕТЕКШІ САЯСИ ҚАЙРАТКЕРІ.....	136
Сактаганова З.Г., Ыбырайхан М.Ы. ОРТАЛЫҚ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ 1964-1985 жж. АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ЕҢБЕККЕРЛЕРІНІҢ КҮНДЕЛІКТІ ӨМІРІ: КОМСОМОЛ-ЖАСТАР БРИГАДАЛАРЫНЫҢ ЕҢБЕГІ МЕН ҚЫЗМЕТІНІҢ МАТЕРИАЛДАРЫ БОЙЫНША.....	144
Борбасов С.М. АЛМАТЫДАҒЫ 1986 ЖЫЛҒЫ ЖЕЛТОҚСАН КӨТЕРІЛІСІ.....	155
ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ HISTORY OF INDEPENDENT KAZAKHSTAN ИСТОРИЯ НЕЗАВИСИМОГО КАЗАХСТАНА	
Уалтаева А.С., Уалтаев М.Д. ПРОБЛЕМЫ И ПЕРСПЕКТИВЫ НОВЫХ ФОРМ ЗАНЯТОСТИ В УСЛОВИЯХ ЦИФРОВИЗАЦИИ.....	165
Найманбаев Б.Р. ИСТОРИЯ БОРЬБЫ ИНТЕРЕСОВ «СТАРЫХ» И «НОВЫХ» ИГРОКОВ НА МЕЖДУНАРОДНОЙ АРЕНЕ в XXI ВЕКЕ.....	174
ЭТНОЛОГИЯ ЖӘНЕ АРХЕОЛОГИЯ ETHNOLOGY AND ARCHEOLOGY ЭТНОЛОГИЯ И АРХЕОЛОГИЯ	
Әбілсейіт Мұқтар, Тұрарұлы А., Жумабаев А. САРАЙШЫҚТАҒЫ «ХАН МОЛАСЫН» ІЗДЕУ ТАРИХЫ.....	186
Хабдулина М.К., Ғайса А.М. НОВЫЕ ПОДХОДЫ В ИССЛЕДОВАНИИ ЭЛИТНЫХ МОГИЛЬНИКОВ САКСКОЙ ЭПОХИ САРЫАРКИ.....	196
Оразбаева А.И. ПОЛИТИКО-ПРАВОВЫЕ ТРАДИЦИИ КАЗАХОВ В XV-XVIII ВВ.....	207
Қалшабаева Б.К., Өзбекбай Ә. ОРТА АЗИЯ ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ ОТБАСЫ ЖӘНЕ НЕКЕ ҚАТЫНАСТАРЫНДАҒЫ СЫЙ АЛМАСУ ДӘСТҮРЛЕРІ (XIX Ғ. ОРТАСЫ МЕН XX Ғ. БАСЫ).....	216
Арынов Қ.С., Амантуров М.Қ., Малдыбекова Л.Ж. ОРТАҒАСЫРЛЫҚ СЫҒАНАҚТЫҢ ШЫҒЫС ҚАҚПАСЫ: ҚҰРЫЛЫМЫ ЖӘНЕ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....	225

**СЫН-ПІКІР
REVIEW
РЕЦЕНЗИЯ**

Аканов К.Г.

РЕЦЕНЗИЯ НА КНИГУ Б.Г. АЯГАНА:

ИСТОРИЯ УЛУГ УЛУСА – ЗОЛОТОЙ ОРДЫ: КУРС ЛЕКЦИЙ

АЛМАТЫ, «ЛИТЕРА-М» ЖШС, 2020. 224 Б.....236

**МЕРЕЙТОЙ
ANNIVERSARY
ЮБИЛЕЙ**

АЛДАЖҰМАНОВ ҚАЙДАР СЕЙСЕМБАЙҰЛЫНЫҢ

80-ЖЫЛДЫҚ МЕРЕЙТОЙЫНА ОРАЙ ҚҰТТЫҚТАУ239